

"Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы



Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка Казахстана
по страхованию жизни
"Халык-Life"

Ма қ ұ л д а н д ы

"Халық-Life" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2024 жылғы 29 қарашадағы отырыстың
№ 66 хаттамасы)

Б е к і т і л д і

"Халық-Life" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(Директорлар кеңесі мүшелерінің 2024
жылғы 30 желтоқсандағы отырысының
№ 62 сырттай дауыс беру хаттамасы)

**Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым
оқиғалардан міндетті сақтандыру**

Е Р Е Ж Е С І

**Бұл электрондық көшірме бекітілген құжаттың көшірмесі болып табылады.
Өзгерістер мен толықтырулар 31.12.2024 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі.
Қағазға басып шығарылған түрінде бұл құжат ақпарат үшін қолданылады.
Құжаттың көшірмесін растау үшін ЖКД (БК қызметкерлері): Филиал
директорына (филиал қызметкерлері) жүгіну қажет**

Алматы қ. 2024

Құжаттың мазмұны

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ	4
3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ОРЫНДАУ	6
§ 1 Сақтанушының, пайда алушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеті.	6
§ 2 Залал мөлшерін анықтау, сақтандыру төлемдерін жүргізу	6
§ 3 Аннуитет шартын, зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартын жасасу..	8
§ 4 Сақтандыру шартын тоқтату	9
4-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ БОЙЫНША САҚТАНУШЫНЫҢ, ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ ПАЙДА АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	9
§ 1 Сақтанушының құқықтары мен міндеттері.....	9
§ 2 Қоғамның құқықтары мен міндеттері.....	10
§ 3 Пайда алушының құқықтары.....	12
5-тарау. Дауларды шешу тәртібі	12
6-тарау. Қорытынды ережелер	13

Осы Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – Ереже), Қазақстан Республикасының заңына сәйкес әзірленген және қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарын жасасудың талаптары мен тәртібін және «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) тарапынан орындалуын, сондай-ақ осындай шарттар бойынша Сақтанушылардың, Қоғамның және Пайда алушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ережеде пайдаланылған терминдер мен шартты (қысқартылған) белгілер мыналарды білдіреді:

"пайда алушы" – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

"сақтандыру шарты" – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 6 ақпандағы №9 қаулысымен шарты немесе аталған қаулының орнын басатын өзге де нормативтік құқықтық актімен бекітілген сақтандыру шартының үлгілік нысанына сәйкес Қоғам мен сақтанушы арасында жасалатын қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезіндегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру;

"аннуитет шарты" – сақтандыру шарты, оған сәйкес Қоғам осы шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті;

"зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты" – сақтандыру шарты, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкердің пайдасына жасалады, ол бойынша Қоғам сақтандыру төлемін алушының пайдасына ай сайын сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті;

"ЖОМС Заңы" – «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

"кәсіптік тәуекел сыныбы" – экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан өндірістік жарақаттану және кәсіптік сырқаттану деңгейі;

"алдын-алу шаралары" – қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және жақсартуға бағытталған алдын алу сипатындағы шаралар;

"оңалту шаралары" – қызметкердің кәсіби қызметке қабілеттерін қалпына келтіруге және мүгедектік деңгейін төмендетуге бағытталған шаралар;

"сақтанушы" – Қоғаммен сақтандыру шартын жасасқан жұмыс беруші;

"Тарап/Тараптар" – жеке / бірлесіп Қоғам және сақтанушы деп аталады;

"сақтандыру сомасы" – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Қоғамның жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

"сақтандыру сыйлықақысы" – сақтанушы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндеттемелерін өзіне қабылдағаны үшін Қоғамға төлеуге міндетті ақша сомасы;

"сақтандыру төлемі" – қоғам сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;

"сақтандыру объектісі" – қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру объектісі оның қайтыс болуына немесе кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге әкеп соққан жазатайым оқиға нәтижесінде, өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүддесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 195-1 бабы 1-тармағында көзделген жағдайлар туындағанда;

"сақтандыру жағдайы" – қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде орын алған жазатайым оқиға (жазатайым оқиға) және қызметкер (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсерінен орын алған, соның салдарынан қызметкердің өндірістік жарақат алуы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы және оған 30-дан 100 пайыз кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге, немесе ЖОМС Заңының 16-1-бабында көзделген мән-жайларда оның өліміне алып келген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған жағдайлар.

2-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ

2. Сақтандыру шартын жасасу үшін жұмыс берушінің өтініші негіз болып табылады.
Қоғам жұмыс беруші мәлімдеген экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызудың дұрыстығын тексеру үшін өтінішке қосымша штат кестесін немесе өзге де ақпаратты ұсынуды талап етуге құқылы.
3. Сақтандыру шарты Қоғам мен жұмыс беруші арасында жазбаша түрде жасалады.
Сақтандыру шарты Қоғамның ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, электрондық нысанда жасалуы және Қоғам мен жұмыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы қол қойылуы мүмкін.
4. Сақтандыру шарты сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
5. Сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады. Жұмыс беруші қызметін он екі айдан кем мерзімде жүзеге асырған жағдайда сақтандыру шарты осы қызметті жүзеге асыру мерзіміне жасалады.

6. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың барлық мерзімі ішінде қолданылады және бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша өзінің қолданылуын тоқтатпайды.
7. Сақтандыру шартының қолданылу орны –қызметкердің өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау аумағы.
8. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Заңның 17-бабының 2-тармағында белгіленген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына көбейтілген сақтандыру тарифі негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

Сақтанушы жылдық еңбекақы қорын айқындаған кезде, әрбір қызметкердің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының он еселенген ең төменгі мөлшерінен аспайтын, он екіге көбейтілген айлық табысы қабылданады.

Егер ЖОМС Заңының 17-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен кем болса, онда қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері ең төменгі жалақы мөлшерін құрайды. Бұл ретте, сақтандыру сомасы сақтандыру сыйлықақысының мөлшерінің ұлғаюына пропорционалды түрде ұлғаяды.

9. Егер сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтанушының кінәсінен болған (болған) болса, онда ЖОМС Заңының 17-бабына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысы түзету коэффициентіне көбейтіледі. Түзету коэффициентін қолдану тәртібі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.
10. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуді сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімдерде бір рет немесе бөліп төлеп жүргізеді.
11. Сақтандыру сомасы сақтандыру шартымен айқындалады, бірақ сақтандыру шартын жасасу кезінде барлық қызметкерлердің жылдық еңбекақы төлеу қорынан кем болмауға тиіс.

Сақтанушы жылдық еңбекақы қорын айқындаған кезде, әрбір қызметкердің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының он еселенген ең төменгі мөлшерінен аспайтын, он екіге көбейтілген айлық табысы қабылданады.

Сақтандыру сомасы ЖОМС Заңының 19-бабына сәйкес көзделген сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және (немесе) жерлеуге арналған шығыстардың, алдын-алу және оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындардың сомасына азаяды.

Сақтандыру сомасы сақтанушының қызметкерлеріне жылдық еңбекақы төлеу қоры өзгерген жағдайда өзгеруі мүмкін.

12. Сақтандыру шартына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістер мен толықтырулар тараптардың келісімі бойынша енгізіледі және қосымша келісіммен ресімделеді.

13. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемесі болып табылатын жұмыс берушімен жасалмайды.

3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ОРЫНДАУ

§ 1 Сақтанушының, пайда алушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеті

14. Сақтанушы немесе пайда алушы Қоғамға сақтандыру төлемі туралы талапты тұрғылықты жерін, пайда алушының байланыс телефондарын, банк деректемелерін (қажет болған жағдайда) көрсете отырып, сақтандыру төлемін алу тәртібін – қолма-қол ақшамен немесе сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, банк шотына аудару арқылы жазбаша нысанда ұсынады.

Сақтандыру төлемі туралы өтінішке ЖОМС Заңының 20-бабының 2-тармағында көзделген құжаттар қоса беріледі. Қоғамның сақтанушыдан немесе пайда алушыдан қосымша басқа құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

ЖОМС Заңының 20-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды өтініш беруші олар болған (оларда көрсетілген мәліметтер болған) жағдайда, мемлекеттік органдардың деректер базаларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда ұсынбайды, оларға қолжетімділікті қоғамға дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым береді.

15. Сақтанушы немесе пайда алушы ЖОМС Заңының 20-бабының 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Қоғам сақтанушыдан немесе пайда алушыдан сақтандыру төлемі туралы талап алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

§ 2. Залал мөлшерін анықтау, сақтандыру төлемдерін жүргізу

16. Қызметкердің қайтыс болуына байланысты немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты табысынан айырылуға байланысты залалдың мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес айқындалады.

Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бес пайыздан жиырма тоғыз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты табысынан айырылуына байланысты зиянды өтеуді сақтанушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырады

Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін отыздан жүз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты табысынан айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде қызметкерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемін қоғам жүзеге асырады.

17. Жоғалған табысын (кірісті) өтеуге жататын есептеу үшін ескерілетін орташа айлық табыстың (кірістің) мөлшері сақтандыру шартын жасасу күніне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Сақтандыру төлемінің мөлшері Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді шегергенде жүзеге асырылады.

18. Қоғам қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жылдан кем мерзімге белгілеуге байланысты табысынан (кіріс) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемін ай сайын аннуитет шарты негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте алғашқы сақтандыру төлемін қоғам ЖОМС Заңының 20-бабының 2-тармағында көзделген барлық құжаттар ұсынылған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.
19. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жыл және одан да көп мерзімге белгілеуге байланысты табысынан (кірісінен) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі, ЖОМС Заңының 23-бабына сәйкес сақтанушымен жасалған, аннуитет шартына сәйкес қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу не ұзарту (қайта қуәландыру) мерзіміне тең мерзім ішінде қызметкердің пайдасына, бірақ Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген қызметкердің зейнеткерлік жасқа толу мерзімінен аспайтын мерзімге жұмыскердің пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

Қоғам табысын (кірісін) жоғалтуға байланысты зиянды өтеу ретінде пайда алушының пайдасына жүзеге асыратын сақтандыру төлемдерінен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және аударылады.
20. Жазатайым оқиға басталған кезде, сондай-ақ болған жазатайым оқиға салдарынан оның денсаулығының нашарлауы себебінен қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мерзім ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқығы бар адамдардың пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.
21. ЖОМС Заңының 19-бабының 2-1-тармағына сәйкес бір санаторий-курорттық емделуге ақы төлеуге арналған шығыстарды қоспағанда, қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда оның денсаулығының зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеуді Қоғам қызметкер немесе осы шығыстарды шеккен адам ұсынған осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық көмекке арналған шығыстар өтелуге жатпайды.
22. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерінің жиынтық мөлшері ЖОМС Заңының 19-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерден аспауға тиіс.

Қоғам денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу бойынша сақтандыру төлемін қызметкер немесе осы шығыстарды шеккен адам осы шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.
23. Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың бастапқы белгіленген дәрежесінен кейін зардап шеккен қызметкер зардап шеккен қызметкерді оңалтудың жеке бағдарламасына қарамастан, бір санаторий-курорттық емделуге ақы төлеуге жұмсалған шығыстардың орнын толтыруға құқылы. Келтірілген шығыстарды өтеу осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде республикалық бюджет туралы

заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшеріне дейін жүзеге асырылады.

24. Зардап шеккен қызметкер қайтыс болған жағдайда оны жерлеуді жүзеге асырған адамға Қоғам жерлеуге арналған шығыстарды республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.
25. Егер сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және (немесе) жерлеуге арналған шығыстардың мөлшері сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кеткен жағдайда, айырмасы Қоғамға сақтанушының есебінен төленеді.
26. Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 2015 жылғы 10 мамырға дейін бастапқы белгіленген және 2015 жылғы 10 мамырдан 2024 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде куәландыру мерзімінсіз ұзартылған (қайта куәландырылған) отыздан жүз процентке дейінгі мөлшердегі қызметкерлер, қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне тең мерзім ішінде сақтандыру төлемдерін алуға құқылы. Сақтандыру төлемдері сақтанушы (пайда алушы) ЖОМС Заңының 20-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды ұсына отырып жүгінген күннен бастап тағайындалады.
27. Сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеген жағдайда және сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ғана сақтанушыға Алдын-алу шараларын жүргізуге жұмсаған шығындарын өтеуді Қоғам сақтандыру сыйлықақысының алты пайызынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырады.
28. Қоғам Оңалту шараларын жүргізуге жұмсаған шығындарын Сақтанушыға өтеуді сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйлықақысының алты пайызынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырады.

Егер сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және жерлеуге арналған шығыстардың, Оңалту шараларын жүргізуге, санаторий-курорттық емдеуге арналған шығындардың сомасын (сомаларын) ескере отырып, Алдын-алу шараларын жүргізуге арналған шығындар сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кеткен жағдайда, онда Алдын-алу шараларын жүргізуге арналған шығындар жүзеге асырылмайды.
29. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар Қоғамның есебінен жүргізіледі.

§ 3 Аннуитет шартын, зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартын жасасу

30. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген немесе ұзартылған (қайта куәландырылған) немесе ол қайтыс болған жағдайда, Сақтанушы қызметкердің немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамның пайдасына Қоғаммен аннуитет шартын жасасуға міндетті.
31. Аннуитет шарты ЖОМС Заңының 20-бабының 2-тармағында көзделген құжаттар ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.
32. Аннуитет шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мөлшерде және мерзімдерде, зардап шеккен қызметкердің немесе қызметкердің

қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамдардың табыс алуын қамтамасыз ететін шарттарда жасалады. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын пайда алушы төлемейді.

33. Аннуитет шартына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
34. Сақтанушы таратылған жағдайда, аннуитет шарты зардап шеккен қызметкермен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамдармен заңда көзделген тәртіппен жасалады.
35. Зейнетақыға дейінгі аннуитеттік сақтандыру шартын жасасу Қоғамның тиісті сақтандыру ережелерімен айқындалады.

§ 4 Сақтандыру шартын тоқтату

36. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:
 - 1) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткен;
 - 2) сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған;
 - 3) Қоғам сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүргізген жағдайда.
37. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
38. Сақтандыру шартының тоқтатылуы Қоғамды кейіннен сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде орын алған сақтандыру жағдайлары деп танылған жазатайым оқиғалар бойынша пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттен босатпайды.

4-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ БОЙЫНША САҚТАНУШЫНЫҢ, ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ ПАЙДА АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

§ 1 Сақтанушының құқықтары мен міндеттері

39. Сақтанушының құқықтары:
 - 1) өз құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібімен қорғау;
 - 2) Алдын-алу шараларын, Оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындарды өтеуге;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.
40. Сақтанушы міндетті:
 - 1) Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың үлгілік шартына сәйкес, Қоғаммен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасуға;

- 2) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның сақтандыру жөніндегі барлық құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 3) сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде сақтандыру төлемін есептеу, аннуитет шартын жасасу үшін қажетті пайда алушы бойынша құжаттар мен ақпаратты (оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік нөмірін және (немесе) электрондық пошта мекенжайын) Қоғамға беруге міндетті;
- 4) сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;
- 5) Қоғамға жазатайым оқиғаның басталғаны туралы шұғыл түрде, бірақ өзі білген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабар беруге;
- 6) уәкілетті орган мен Қоғам өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен сақтандыру жағдайларының туындау мән-жайларын тергеп-тексеруді қамтамасыз етуге;
- 7) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеуге;
- 8) сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде сақтандыру төлемін есептеу үшін қажетті құжаттарды Қоғамға ұсынуға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді міндетті медициналық қарап-тексерулердің уақтылы жүргізілуін қамтамасыз етуге;
- 10) сақтандыру жағдайларының алдындағы қызметкерлердің еңбек жағдайлары туралы құжаттарды уәкілетті органға және денсаулық сақтау ұйымдарына ұсынуға;
- 11) жұмыскерлерді өндірістен қол үзбей еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне оқытуға;
- 12) жазатайым оқиғалардың профилактикасы, алдын алу және тергеп-тексеру мәселелері жөніндегі уәкілетті органның шешімдерін орындауға;
- 13) өзінің қайта ұйымдастырылғаны немесе таратылғаны туралы Қоғамға уақтылы хабарлауға;
- 14) сақтандыру жағдайынан шығынды азайту шараларын қолдануға;
- 15) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға талап ету құқығының Қоғамға өтуін қамтамасыз етуге;
- 16) ЖОМС Заңында көзделген жағдайларда қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамның пайдасына сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде аннуитет шартын жасасуға;
- 17) ЖОМС Заңының 23-1-бабына сәйкес, зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкердің пайдасына Қоғаммен зейнетақыға дейінгі аннуитеттік сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

§ 2 Қоғамның құқықтары мен міндеттері

41. Қоғамның құқықтары:

- 1) сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге қатысу;
- 2) штат кестесіне немесе сақтанушы ұсынатын және (немесе) Қоғам сұрататын өзге де ақпаратқа сәйкес экономикалық қызмет түрлерінің кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызылуының сәйкестігін тексеру;
- 3) сақтандыру жағдайлары бойынша ақпаратты тексеру және қажет болған жағдайда тиісті уәкілетті органдарға сұрау салулар жіберу;
- 4) ЖОМС Заңында және сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тарту;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

42. Қоғам міндетті:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру шартының талаптарымен таныстыру және оған сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде ЖОМС Заңына және сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін және жерлеуге арналған шығыстарды өтеуді жүргізуге;
- 3) өз қызметі нәтижесінде алынған сақтанушы және пайда алушы туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 4) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, пайда алушыға өтінішті және ЖОМС Заңының 20-бабының 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жіберуге;
- 5) Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде Сақтанушының (Пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге;
- 6) Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жолданатын өтінішті алған кезде, осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жолдауға;
- 7) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 8) ЖОМС Заңының 19-бабының 1-тармағында көзделген сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған кезде, пайда алушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін төленбеген соманың 1,5 пайызы мөлшерінде өсімпұл төлеуге;
- 9) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде, жасалған зейнетақы алдындағы аннуитет шартына және ЖОМС Заңына сәйкес зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін ай сайын жүзеге асыруға;
- 10) сақтанушыға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйлықақысының алты пайызынан аспайтын мөлшерде алдын-алу шараларын жүргізуге арналған шығындарды өтеуге;
- 11) сақтанушыға және (немесе) пайда алушыға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйлықақысының алты

пайызынан аспайтын мөлшерде оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды өтеуге;

- 12) пайда алушыға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде санаторий-курорттық емделуге арналған шығыстарды өтеуге міндетті.

§ 3 Пайда алушының құқықтары

43. Пайда алушының құқықтары:

- 1) ЖОМС Заңында және сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін алу;
- 2) сақтанушыдан және Қоғамнан сақтандыру шартының талаптары туралы ақпаратты, сондай-ақ оның пайдасына жасалған аннуитет және зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттарының көшірмелерін тегін алу;
- 3) сақтандыру жағдайын тергеп-тексеру мәселелері жөніндегі шешімге уәкілетті органға немесе сотқа шағымдану;
- 4) медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жүгіну;
- 5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Қоғамды хабардар ету;
- 6) сақтандыру жағдайын тергеп-тексеруге, оның ішінде жұмыскерлер өкілдерінің немесе өзінің сенім білдірілген адамының қатысуымен қатысуға;
- 7) ЖОМС осы Заңының 24-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Қоғамға немесе қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға, уәкілетті органға немесе сотқа жүгіну;
- 8) өтініш пен қоса беріліп отырған құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не қоғам, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберу;
- 9) ЖОМС Заңының 19-бабының 2-1-тармағына сәйкес оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындарды және санаторий-курорттық емдеуге арналған шығыстарды айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде өтету;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

5-тарау. Дауларды шешу тәртібі

44. Сақтандыру шартынан туындайтын дау болған жағдайда, сақтанушы (пайда алушы) Қоғамға (оның ішінде филиал, өкілдік, оның интернет-ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге немесе сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурстары арқылы немесе

Қоғам, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) өтініш жіберуге немесе Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» заңында көзделген ерекшеліктерін ескере отырып, сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа өтініш жіберуге құқылы.

45. Қоғам сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде, дауды қарайды және одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып жазбаша жауапты ұсынады.
46. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүтінген жағдайда Қоғам сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды ұсынуға міндетті.

6-тарау. Қорытынды ережелер

47. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, хабарламалар, түсініктемелер оның жөнелтілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен орындалуы тиіс. Сақтандыру шартына байланысты хабарламалар мен өзге де хабарландыруларды Қоғамның интернет-ресурсында жеке кабинет арқылы жіберуге болады (сақтанушының бұл үшін қажетті есептік жазбасы болған жағдайда).
48. Осы Ережеде реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе оған сәйкес реттеледі.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерту нәтижесінде осы Ереженің жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, бұл ережелер осы Ережеге тиісті өзгерістер енгізбестен автоматты түрде күшін жояды. Егер осы Ереженің ережелерінің бірі жарамсыз болып қалса, онда ол осы Ереженің қалған ережелерінің әрекетін қозғамайды.
49. Осы Ереже қазақ және орыс тілдерінде жасалды.